

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы мамырдағы Иран Ислам Республикасына сапары барысындағы қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 20 тамыз N 1037

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Иран Ислам Республикасына сапары барысындағы қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақ-иран ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы мамырдағы Иран Ислам Республикасына сапарында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

2. Министрліктер мен мемлекеттік комитеттер, өзге орталық

атқарушы органдар, облыстардың, Ақмола қаласының әкімдері шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалуы барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне кемінде жарты жылда бір рет хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 20 тамыздағы
N 1037 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы
мамырдағы Иран Ислам Республикасына сапары барысындағы
қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге
асыру жөніндегі шаралар
ЖОСПАРЫ

Қазақстан мұнайын Иранға тасымалдау туралы | ИИР Мұнай министрлігі делегациясының үстіміздегі жылдың маусым.

дағы Алматы қаласына сапары барысында негізгі мәселелердің шешілмеуіне байланысты келіссөзді жалғастыру ұйғарылды

Ақтау портындағы объектілерді қайта жаңарту және құрылысын салу жөніндегі жоба | Қажетті материалдық-техникалық есептерді жүргізу және Иран тарапына Ақтау портын қайта

жаңарту жөніндегі қажетті ақпараттар беру, оның толқынға қарсы тосқауыл құрылысы мен порттың қорғаныс дамбыларын қаржыландыру мәселесін шешу мақсатында

Ақтау портына арнаулы экономикалық аймақ мәртебесін беру туралы | Ақтау портына арнаулы экономикалық аймақ мәртебесін беру туралы мәселені қолданылып

жүрген заңдарға сәйкес бекітіп оны заңды түрде шешу

Батыс Қазақстаннан Иранға Түрікменстан арқылы мұнай құбырының құрылысын салу | Батыс Қазақстаннан Иранға Түрікменстан арқылы мұнай құбырының құрылысын салудың

техникалық жақтарын зерделеуге кірісу

ТАТЖ бірлесіп пайдалану | Трансазнат темір жол желісінің

Мешхед-Серахс-Теджен темір жол учаскесінің пайдаланудағы іске қосылуын ескеріп, республиканың мүдделі органдары темір жолды бірлесіп пайдаланудағы нақты мәселені, транзит бойынша бірыңғай тарифті белгілеудегі

келісімдерін қоса - талқыласын

Каспий жағалауындағы бес Ресей және Иран Президенттерінің
мемлекет сыртқы істер Каспий теңізі мәселесі жөніндегі
министрлерінің кездесуі бірлескен мәлімдемелеріне орай

Каспий жағалауындағы бес
мемлекеттің сыртқы істер
министрлері орынбасарларының,
содан кейін осы елдердің сыртқы
істер министрлерінің кездесуін
өткізу

Кешм а. АЭА-та қазақстан-иран Экспорт-импорт және көлік-
бірлескен кәсіпорнын құру экспедициялық операциялар
жөніндегі Кешм а. ЕЭА-та
қазақстан-иран бірлескен
кәсіпорнын құру туралы
келісімді нақты жүзеге асыруды
бастау

Бірлескен үкіметаралық комиссия Екі ел Үкіметтерінің сауда-
туралы экономикалық, өнеркәсіп және
ғылыми-техникалық ынтымақтастық
жөніндегі бірлескен үкіметаралық
комиссия құру туралы қол қойған
Хаттамасына сәйкес, соңғы
мәжілісі бұдан бір жыл бұрын
Алматыда өткізілген комиссияның
тең төрағасы Ю.Лавриненкоға Иран
тарапы мен Тегеранда кезекті
мәжіліс өткізуін пысықтау

Ақмола қаласының құрылысын салу Иран жағымен оның объектілерді
туралы жобалау мен құрылысын салуға
катысудағы нақты нысаны мен
шартын тиянақтау

Орындауға жауаптылар	Орындалуына бақылау жасау	Орындалу мерзімі
3	4	5

Мұнайгазмині, Сыртқыісмині	Өнеркәсіпсаясаты бөлімі	1996 жылдың ІІІ тоқсаны
Көліккоммині, Сыртқыісмині	Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г.Штойктің кеңесшілер тобы	1996 жылдың ІҮ тоқсаны
Әділетмині Сыртқыісмині Экономмині	Экономикалық саясат бөлімі, Аумақтық даму бөлімі	1996 жылдың ІҮ тоқсаны
Мұнайгазмині Сыртқыісмині	Өнеркәсіпсаясаты бөлімі	1996 жылдың ІІІ тоқсаны
Көліккоммині Кеденкомы Сыртқыісмині	Премьер-Министрдің орынбасары Г.Г.Штойктің кеңесшілер тобы	1996 жылдың ІҮ тоқсаны
Сыртқыісмині	Сыртқы байланыстар бөлімі	1996 жылдың ІІІ тоқсаны
Көліккоммині Өнеркәсіпсаудамині	Экономикалық саясат бөлімі	1996 жылдың ІІІ-ІҮ тоқсаны
Көліккоммині Өнеркәсіпсаудамині Сыртқыісмині	Сыртқы байланыстар бөлімі	
Құрылысмині Ақмола қаласы әкімінің аппараты	Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекет. тік органдарды Ақмола қала. сына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы	1996 жылдың ІҮ тоқсаны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК